

Магистратураға қабылдау үшін өтініштерді 1 шілдеден 30 шілдеге дейін қабылдайды.

Шет тілінде тестілеу 10-15 тамыз аралығында өткізіледі.

Мамандық бойынша емтихан 16-20 тамыз аралығында.

Магистратураға қабылдау 28 тамызға дейін.

Шет тілінде тестілеу және ауызша кешенді емтихан пәндер бойынша::

- ✓ Кәсіпорын экономикасы
- ✓ Өндірісті ұйымдастыру
- ✓ Менеджмент

Магистратураға түсу бойынша ақпарат:

<http://kazatu.kz/ru/abiturientu/informaciya-dlya-postupayushchih/>



Co-funded by the
Erasmus+ Programme
of the European Union

SARUD магистрлік бағдарламасы Еуропалық Одақтың қолдауымен Erasmus + бағдарламасы шеңберінде Германияның Хеунхайм университетінде жобаның координаторы жетекшілігімен еуропалық университеттермен бірлесіп Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының университеттері бірлесіп әзірленген.
<https://sarud.uni-hohenheim.de> 561969-EPP-1-DE-EPPKA2-CBHE-JP



Байланыс

Астана қ, Жеңіс даңғылы, 62

тел.: +7 7172 31 75 56

www.kazatu.kz

agun.katu@gmail.ru

Автобустар: аэропорттан - № 10, № 12;

т/ж вокзалынан - №№ 14,27,23,48,9,7,12,21,31,40.



Магистрлік бағдарлама

**ТҰРАҚТЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ
АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДЫ ДАМУ**





ТҰРАҚТЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДЫ ДАМУ

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің экономика факультеті 6M050600 - Экономика мамандығы бойынша ғылыми-педагогикалық бағытта магистратураға білім алу үшін SARUD «Тұрақты ауыл шаруашылығы және ауылдық аумақтарды дамыту» атты жаңа білім беру бағдарламасы бойынша экономика және ауыл шаруашылық бакалавры түлектерін шақырады.

SARUD магистрлік бағдарламасы тұрақты ауыл шаруашылығы және ауылдық аумақтарды дамыту саласында практикалық оқытуға бағытталған. Экономика және ауыл шаруашылығы қиылысында пәнаралық мамандық ретінде, SARUD магистрлік бағдарлама тұрақты дамудың негізін құраушы әлемдік концепцияны, сонымен қатар тұрақтылықтың барлық үш компонентін және экономикалық, әлеуметтік және институционалдық даму мәселелерін, ауылдық жерлердегі экологиялық тұрақтылықты, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өндірісінің аспектілерін қамтиды.

«Тұрақты ауыл шаруашылығы және ауылдық аумақтарды дамыту» білім беру бағдарламасы Сізге бір семестрде ҚР серіктес ЖОО-да оқуға, РФ және ЕО елдерінде шетелдік тағлымдамадан өтуге мүмкіндік береді.



БАҒДАРЛАМА МАҚСАТЫ

6M050600 - «Экономика» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының мақсаты экономиканың барлық секторларында, сондай-ақ мемлекеттік басқаруда, экономиканың түрлі деңгейдегі кәсіпорындар мен ұйымдардың жұмыс істеуі үшін үнемі өзгеретін жағдайларды талдай алатын магистрлерді дайындау болып табылады.



МАМАНДАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ БОЛАШАҒЫ

6M050600 - «Экономика» мамандығы түлектерінің кәсіптік қызмет объектілері болып табылады:

- Әр түрлі ұйымдық-құқықтық формадағы халық шаруашылығы кәсіпорын салалары, олардың өндірістік құрылымдық және функционалдық бөлімшелері;
- кәсіпорын инфрақұрылымының объектілері;
- жобалық ұйымдар;
- ғылыми-зерттеу ұйымдары;
- мемлекеттік басқару органдары және жергілікті өзін өзі басқару.

